**БЕКІТІЛГЕН**
акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен
«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
(отырыстың хаттамасы
2018 жылғы «__»____________ №____)

# «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС

Қаржылық есептілік
(Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 Бұйрығына сәйкес)

*2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін,*
*тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*

# МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Қаржылық есептілік**

Бухгалтерлік баланс ........ 1-2
Пайда мен залал туралы есеп ........ 3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)........ 5-7
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп........ 8-11
Жылдық қаржылық есептілікке ескертпелер ........ 12-44

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» гимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

# Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-тің
Қатысушылары мен Басшылығына

Біз 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-тің (бұдан әрі - «Ұйым») қоса беріліп отырған қаржылық есептіліктің нысандарына аудит жүргіздік, әрі оған 1, 2, 3, 4 нысандар мен түсіндірме жазбасы (бұдан әрі - «есептілік нысандары») кіреді. «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-тің басшылығы қаржылық есептіліктің бұл нысандарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірледі.

### *Басшылықтың есептілік нысандарына қатысты жауапкершілігі*

Ұйым басшылығы бұл есептілік нысандарының Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленуі үшін, сондай-ақ басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ есептілік нысандарын дайындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі бақылау процедуралары үшін жауапкершілік көтереді.

### *Аудитордың жауапкершілігі*

Біздің міндетіміз жүргізілген аудит негізінде осы есептілік нысандары туралы пікірімізді білдіру болып табылады. Біз аудитті Қазақстан Республикасында жарияланған Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қоса берілген есептілік нысандарында маңызды бұрмапанулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит есептілік нысандарында берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Процедуралар таңдау шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан есептілік нысандарының маңызды бұрмалану тәуекелін бағалау қосылатын аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор есептілік нысандарын дайындауға қатысты ішкі бақылау аспектілерін ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит таңдалған есеп саясатының орындылығы мен басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас есептілік нысандарының берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

### *Пікір*

Біздің ойымызша, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-тің есептілік нысандары барлық елеулі аспектілерде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленді.

EY
Building a better
working world

***Маңызды жағдайлар***

Біз есептілік нысандарының 5-ескертпесіне назарыңызды аудартамыз, әрі онда Ұйымның байланысты тараптармен жасалған операцияларының едәуір көлемі сипатталған. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірді білдірмейміз.

***Әзірлеу қағидаттары және пайдалануын шектеу***

Біздің пікірімізді өзгертпестен, біз қоса беріліп отырған есептілік нысандарын Ұйым Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығының талаптарын орындау мақсатында әзірленгенін ерекше атап отырмыз. Тиісінше, бұл есептілік нысандары өзге мақсаттар үшін жарамсыз болуы мүмкін.

***Басқа мәліметтер***

Ұйым Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептіліктің жеке жинағын шығарды, сол бойынша біз 2018 жылғы 5 ақпанда «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-тің қатысушылары мен басшылығы үшін тәуелсіз аудитордың жеке аудиторлық есебін шығардық.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Айгерим Нуркенова
Аудитор

Аудитордың 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 0000115 біліктілік куәлігі

Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Алматы қ., Қазақстан
Әл-Фараби даңғылы, 77/7

2018 жылғы 5 ақпан

# БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

**2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
2-қосымша

1-нысан

Ұйымның атауы: «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: Жоқ
Ұйым қызметінің түрі: Мұнай құбырын салу және пайдалану
Ұйымдық-құқықтық нысаны: Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Есептілік нысаны: Жекелеген
Меншік нысаны: Жеке меншік
Қызметкерлердің орташа жылдық саны: 182 адам
Кәсіпкерлік субъектісі: ірі
Ұйымның заңды мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 109 В

*мың теңге*

| Активтер | Жол коды | Есепті кезеңнің аяғында | Есепті кезеңнің басына |
|---|---|---|---|
| **I. Қысқа мерзімді активтер** | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 010 | **8.684.487** | 12.518.919 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 011 | **–** | – |
| Туынды қаржы құралдары | 012 | **–** | – |
| Пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер | 013 | **–** | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 014 | **–** | – |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері | 015 | **11.466.128** | 2.347.686 |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 016 | **1.441.971** | 1.223.114 |
| Ағымдағы табыс салығы | 017 | **10.873** | 43.491 |
| Қорлар | 018 | **326.504** | 247.237 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 019 | **456.189** | 224.261 |
| **Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010 жолдан 019 жолды қоса алғанда сомасы)** | 100 | **22.386.152** | 16.604.708 |
| Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар) | 101 | **–** | – |
| **II. Ұзақ мерзімді активтер** | | **–** | – |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 110 | **–** | – |
| Туынды қаржы құралдары | 111 | **–** | – |
| Пайда мен залалдар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер | 112 | **–** | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 113 | **–** | – |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 114 | **1.800** | 1.740 |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 115 | **4.017.898** | 5.543.293 |
| Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар | 116 | **–** | – |
| Инвестициялық мүлік | 117 | **–** | – |
| Негізгі құралдар | 118 | **221.774.424** | 215.828.475 |
| Биологиялық активтер | 119 | **–** | – |
| Барлау және бағалау активтері | 120 | **–** | – |
| Материалдық емес активтер | 121 | **34.341** | 41.210 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 122 | **–** | 357.700 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 123 | **–** | – |
| **Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110 жолдан 123 жолды қоса алғанда сомасы)** | 200 | **225.828.463** | 221.772.418 |
| **Баланс (100 жол + 101 жол + 200 жол)** | | **248.214.615** | 238.377.126 |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

## БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

*мың теңге*

| Міндеттеме және капитал | Жол коды | Есепті кезеңнің соңына | Есепті кезеңнің басына |
|---|---|---|---|
| **III. Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 210 | **32.115.042** | 32.540.110 |
| Туынды қаржы құралдары | 211 | **–** | – |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 212 | **–** | – |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 213 | **4.676.652** | 5.147.755 |
| Қысқа мерзімді резервтер | 214 | **50.389** | 46.953 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері | 215 | **22.202** | 10.495 |
| Қызметкерлерге сыйақы | 216 | **87.435** | 82.534 |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер | 217 | **3.836.467** | 2.722.311 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210 жолдан 217 жолды қоса алғанда сомасы)** | 300 | **40.788.187** | 40.550.158 |
| Сатуға арналған шығатын топтардың міндеттемелері | 301 | **–** | – |
| **IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 310 | **166.769.752** | 195.797.446 |
| Туынды қаржы құралдары | 311 | **–** | – |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері | 312 | **–** | – |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 313 | **–** | – |
| Ұзақ мерзімді резервтер | 314 | **4.679.349** | 3.039.232 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 315 | **7.305.348** | – |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 316 | **8.754** | 6.940 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310 жолдан 316 жолды қоса алғанда сомасы)** | 400 | **178.763.203** | 198.843.618 |
| **V. Капитал** | | | |
| Жарғылық (акционерлік) капитал | 410 | **13.000.000** | 13.000.000 |
| Эмиссиялық кіріс | 411 | **–** | – |
| Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | 412 | **–** | – |
| Резервтер | 413 | **46.462.731** | 31.962.454 |
| Капиталдың өзге де резевтері | | **(1.265)** | – |
| Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) | 414 | **(30.798.241)** | (45.979.104) |
| **Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410 жолдан 414 жолды қоса алғанда сомасы)** | 420 | **28.663.225** | (1.016.650) |
| Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | 421 | **–** | – |
| **Барлығы капитал (420 жол +/- 421 жол)** | 500 | **28.663.225** | (1.016.650) |
| **Баланс (300 жол + 301 жол + 400 жол + 500 жол)** | | **248.214.615** | 238.377.126 |

Бас директор

*А.Б. Танатаров*

Бас бухгалтердің м.а.

*А.В. Кочергова*

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына

3-нысан

*мың теңге*

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| Пайда | 010 | **63.232.609** | 53.486.201 |
| Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 011 | **(29.951.023)** | (29.308.599) |
| **Жалпы пайда (010 жол – 011 жол)** | 012 | **33.281.586** | 24.177.602 |
| Өткізу шығыстары | 013 | **–** | – |
| Әкімшілік шығыстар | 014 | **(3.049.107)** | (2.897.995) |
| Басқа да шығыстар | 015 | **(132.058)** | (975.974) |
| Басқа да кірістер | 016 | **682.563** | 2.146.496 |
| Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залал | 017 | **(3.377.209)** | – |
| **Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012 жолдан 016 жолды қоса алғанда)** | 020 | **27.405.775** | 22.450.129 |
| Қаржыландыру бойынша түскен кірістер | 021 | **1.094.354** | 2.534.956 |
| Қаржыландыру шығыстары | 022 | **(12.661.958)** | (12.835.273) |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі | 023 | **–** | – |
| Өзге де операциялық емес кірістер | 024 | **–** | – |
| Өзге де операциялық емес шығыстар | 025 | **–** | – |
| **Салық салғанға дейінгі пайда (+/- 020 жолдан 025 жолды қоса алғанда)** | 100 | **15.838.171** | 12.149.812 |
| Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу | 101 | **(3.387.684)** | 499.663 |
| **Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (100 жол – 101 жол)** | 200 | **12.450.487** | 12.649.475 |
| **Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін түсетін пайда** | 201 | **–** | – |
| **Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200 жол + 201 жол)** | 300 | **12.450.487** | 12.649.475 |
| бас ұйымның меншік иелеріне | | **–** | – |
| бақыламайтын меншік иелерінің үлесіне | | **–** | – |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

## ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

*мың теңге*

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Өткен кезең үшін |
|---|---|---|---|
| **Өзге жиынтық пайда, барлығы (410 жолмен 420 жолды қоса алғанда сомасы)** | 400 | **17.229.388** | 655.931 |
| оның ішінде: | | | |
| Негізгі құралдарды қайта бағалау | 410 | **22.837.345** | – |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау | 411 | – | – |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы/(залалындағы) үлесі | 412 | – | – |
| Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық залалдар | 413 | **(1.582)** | – |
| Еншілес ұйымдардың кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің әсері | 414 | – | – |
| Ақша ағындарын хеджирлеу | 415 | – | – |
| Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 416 | – | – |
| Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу | 417 | – | – |
| Басқа да жиынтық пайданың өзге де құрамдастары | 418 | **(1.299.027)** | 819.914 |
| Пайда/(залал) құрамында кері сыныптау кезіндегі түзету | 419 | – | – |
| Өзге жиынтық пайда құрамдастарының салық әсері | 420 | **(4.307.348)** | (163.983) |
| **Жалпы жиынтық пайда (300 жол + 400 жол)** | 500 | **29.679.875** | 13.305.406 |
| Мынаған жатқызылатын жалпы жиынтық пайда | | – | – |
| бас ұйымның меншік иелеріне | | **29.679.875** | 13.305.406 |
| бақыламайтын меншік иелерінің үлесіне | | – | – |
| Акцияға пайда: | 600 | | |
| оның ішінде: | | | |
| Акцияға базалық пайда: | | | |
| жалғасатын қызметтен | | – | – |
| тоқтатылған қызметтен | | – | – |
| Акцияға арналған ажыратылған пайда: | | | |
| жалғасатын қызметтен | | – | – |
| тоқтатылған қызметтен | | – | – |

Бас директор

*А.Б. Танатаров*

Бас бухгалтердің м.а.

*А.В. Кочергова*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (тікелей әдіс)

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
5-қосымша

3-нысан

*мың теңге*

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| **I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| **1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (011 жолдан 016 жолды қоса алғанда сомасы)** | 010 | **66.516.711** | 54.822.872 |
| оның ішінде: | | | |
| тауарлар мен қызметтерді сату | 011 | **61.656.482** | 49.517.433 |
| өзге түсім | 012 | **–** | – |
| сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар | 013 | **4.567.656** | 4.219.722 |
| сақтандыру шарттары бойынша түсімдер | 014 | **49.020** | 1.062 |
| алынған сыйақы | 015 | **156.227** | 162.901 |
| басқа түсімдер | 016 | **87.326** | 921.754 |
| **2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (021 жолдан 027 жолды қоса алғанда сомасы)** | 020 | **33.368.567** | 31.137.086 |
| оның ішінде: | | | |
| тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер | 021 | **15.202.192** | 12.769.294 |
| тауарлар мен қызметтерді берушілерге берілген аванстар | 022 | **63.524** | 4.594 |
| еңбекақыны төлеу бойынша төлемдер | 023 | **1.490.309** | 1.583.474 |
| сыйақыны төлеу | 024 | **11.196.934** | 12.267.550 |
| сақтандыру шарттары бойынша төлемдер | 025 | **161.592** | 267.008 |
| табыс салығы мен бюджетке басқа да төлемдер | 026 | **4.998.494** | 4.111.428 |
| өзге төлемдер | 027 | **255.522** | 133.738 |
| **3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол – 020 жол)** | 030 | **33.148.144** | 23.685.786 |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (тікелей әдіс) (жалғасы)

*мың теңге*

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| **II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| **1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (041 жолдан 051 жолды қоса алғанда сомасы)** | 040 | **9.232.433** | 9.937.332 |
| оның ішінде: | | – | – |
| негізгі құралдарды сату | 041 | – | – |
| материалдық емес активтерді өткізу | 042 | – | – |
| өзге де ұзақ мерзімді активтерді өткізу | 043 | **4.018** | 14.907 |
| басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі үлестік қатысуларын өткізу | 044 | – | – |
| басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу | 045 | – | – |
| еншілес ұйымдарды бақылау кезінде шеккен залалдарды өтеу | 046 | – | – |
| өзге де қаржы активтерін өткізу | 047 | **9.228.415** | 9.922.425 |
| фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар | 048 | – | – |
| алынған дивидендтер | 049 | – | – |
| алынған сыйақылар | 050 | – | – |
| **2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (061 жолдан 071 жолды қоса алғанда сомасы)** | 060 | **18.588.042** | 10.246.290 |
| оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды сатып алу | 061 | **447.392** | 1.244.420 |
| материалдық емес активтерді сатып алу | 062 | **4.500** | 24.000 |
| басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | 063 | – | – |
| басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін сатып алу | 064 | – | – |
| басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу | 065 | – | – |
| еншілес ұйымдарға бақылауды алу | 066 | – | – |
| өзге қаржы активтерін алу | 067 | **18.136.150** | 8.977.870 |
| қарыздар беру | 068 | – | – |
| фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар | 069 | – | – |
| қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар | 070 | – | – |
| өзге төлемдер | 071 | – | – |
| **3. Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза сомасы (040 жол – 060 жол)** | 080 | **(9.355.609)** | (308.958) |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (тікелей әдіс) (жалғасы)

*мың теңге*

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| **III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| **1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (091 жолдан 094 жолды қоса алғанда сомасы)** | 090 | **–** | – |
| оның ішінде: | | | |
| акциялардың және басқа қаржы құралдарының эмиссиясы | 091 | **–** | – |
| қарыздар алу | 092 | **–** | – |
| алынған сыйақылар | 093 | **–** | – |
| басқа түсімдер | 094 | **–** | – |
| **2. Ақша қаражатының кетуі, барлығы (101 жолдан 105 жолды қоса алғанда сомасы)** | 100 | **27.894.700** | 30.178.125 |
| оның ішінде: | | | |
| қарыздарды өтеу | 101 | **27.894.700** | 30.178.125 |
| сыйақыны төлеу | 102 | **–** | – |
| дивидендтерді төлеу | 103 | **–** | – |
| ұйымның акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер | 104 | **–** | – |
| өзге кетулер | 105 | **–** | – |
| **3. Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза сомасы (110 жол – 120 жол)** | 110 | **(27.894.700)** | (30.178.125) |
| **4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері** | 120 | **267.733** | 1.345.603 |
| **5. Ақша қаражатының артуы +/- азаюы (050 жол +/- 100 жол +/- 130 жол +/- 140 жол)** | 130 | **(3.834.432)** | (5.455.694) |
| **6. Есепті кезеңнің басына ақша қаражаты мен оның баламалары** | 140 | **12.518.919** | 17.974.613 |
| **7. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 150 | **8.684.487** | 12.518.919 |

Бас директор

*А.Б. Танатаров*

Бас бухгалтердің м.а.

*А.В. Кочергова*

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
6-қосымша

4-нысан

*мың теңге*

| Құрамдастардың атауы | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | | Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық (акционерлік капитал) | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншікті үлес құралдары | Резервтер | Бөлінбеген пайда | | |
| **Алдағы жылдың 1 қаңтарына арналған сальдо** | 010 | **13.000.000** | – | – | **34.048.562** | **(61.370.618)** | – | **(14.322.056)** |
| Есеп саясатындағы өзгеріс | 011 | – | – | – | – | – | – | – |
| **Қайта есептелген сальдо (010 жол +/- 011 жол)** | 100 | **13.000.000** | – | – | **34.048.562** | **(61.370.618)** | – | **(14.322.056)** |
| **Жалпы жиынтық пайда, барлығы (210 жол + 220 жол)** | 200 | – | – | – | **(2.086.108)** | **15.391.514** | – | **13.305.406** |
| Бір жылғы пайда (залал) | 210 | – | – | – | – | 12.649.475 | – | 12.649.475 |
| **Өзге жиынтық пайда, барлығы (221 жолмен 229 жолды қоса алғанда сомасы)** | 220 | – | – | – | **(2.086.108)** | **2.742.039** | – | **655.931** |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| Негізгі құралдарды (салық әсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы өсім | 221 | – | – | – | 655.931 | – | – | 655.931 |
| Негізгі құралдарды (салық салдарын шегере отырып) қайта бағалағандағы амортизацияны аудару | 222 | – | – | – | (2.742.039) | 2.742.039 | – | – |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін (салық тиімділігін шегере отырып) қайта бағалау | 223 | – | – | – | – | – | – | – |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы/(залалындағы) үлесі | 224 | – | – | – | – | – | – | – |
| Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда/(залал) | 225 | – | – | – | – | – | – | – |
| Еншілес ұйымдардың кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің әсері | 226 | – | – | – | – | – | – | – |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

*мың теңге*

| Құрамдастардың атауы | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | | Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық (акционерлік капитал) | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншікті үлес құралдары | Резервтер | Бөлінбеген пайда | | |
| Ақша ағындарын (салық әсерін шегере отырып) хеджирлеу | 227 | – | – | – | – | – | – | – |
| Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 228 | – | – | – | – | – | – | – |
| Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу | 229 | – | – | – | – | – | – | – |
| **Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310 жолмен 318 жолды қоса алғанда сомасы)** | 300 | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| Жұмыскерлерге акциялармен сыйақы беру, оның ішінде: | 310 | | | | | | | |
| жұмыскерлер қызметтерінің құны | | – | – | – | – | – | – | – |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемалары бойынша акциялар шығару | | – | – | – | – | – | – | – |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда | | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншік иелерінің жарналары | 311 | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншікті үлестік құралдарды (акцияларды) шығару | 312 | – | – | – | – | – | – | – |
| Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдарды шығару | 313 | – | – | – | – | – | – | – |
| Айырбасталатын құралдардың үлестік құрамы (салық әсерін шегере отырып) | 314 | – | – | – | – | – | – | – |
| Дивидендтерді төлеу | 315 | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер | 316 | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншік иелерімен өзге де операциялар | 317 | – | – | – | – | – | – | – |
| Бақылаудың айырылуына әкеліп соқтырмайтын еншілес ұйымдарға қатысу үлесіндегі өзгерістер | 318 | – | – | – | – | – | – | – |
| **Есепті жылдың 1 қаңтарына арналған сальдо (100 жол + 200 жол + 300 жол)** | 400 | **13.000.000** | **–** | **–** | **31.962.454** | **(45.979.104)** | **–** | **(1.016.650)** |
| Есеп саясатындағы өзгеріс | 401 | – | – | – | – | – | – | – |
| **Қайта есептелген сальдо (400 жол +/- 401 жол)** | 500 | **13.000.000** | **–** | **–** | **31.962.454** | **(45.979.104)** | **–** | **(1.016.650)** |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

*мың теңге*

| Құрамдастардың атауы | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | | Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық (акционерлік капитал) | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншікті үлес құралдары | Резервтер | Бөлінбеген пайда | | |
| **Жалпы жиынтық пайда, барлығы (610 жол + 620 жол)** | 600 | **–** | **–** | **–** | **14.499.012** | **15.180.863** | **–** | **29.679.875** |
| Бір жылғы пайда (залал) | 610 | – | – | – | – | 12.450.487 | – | 12.450.487 |
| **Өзге жиынтық пайда, барлығы (621 жолмен 629 жолды қоса алғанда сомасы)** | 620 | **–** | **–** | **–** | **14.499.012** | **2.730.376** | **–** | **17.229.388** |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| Негізгі құралдарды (салық әсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы өсім | 621 | – | – | – | 17.230.653 | – | – | 17.230.653 |
| Негізгі қаражатты (салық әсерін шегере отырып) қайта бағалағандағы амортизацияны аудару | 622 | – | – | – | (2.730.376) | 2.730.376 | – | – |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін (салық тиімділігін шегере отырып) қайта бағалау | 623 | – | – | – | – | – | – | – |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы/(залалындағы) үлесі | 624 | – | – | – | – | – | – | – |
| Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда/(залал) | 625 | – | – | – | (1.265) | – | – | (1.265) |
| Еншілес ұйымдардың кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің салдары | 626 | – | – | – | – | – | – | – |
| Ақша ағындарын (салық әсерін шегере отырып) хеджирлеу | 627 | – | – | – | – | – | – | – |
| Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 628 | – | – | – | – | – | – | – |
| Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу | 629 | – | – | – | – | – | – | – |

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

*мың теңге*

| Құрамдастардың атауы | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | | Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық (акционер-лік капитал) | Эмиссия-лық кіріс | Сатып алынған меншікті үлес құралдары | Резервтер | Бөлінбеген пайда | | |
| **Меншік иелерімен операциялар, барлығы (710 жолмен 718 жолды қоса алғанда сомасы)** | 700 | – | – | – | – | – | – | – |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| Жұмыскерлерге акциялармен сыйақы беру, оның ішінде: | 710 | – | – | – | – | – | – | – |
| жұмыскерлер қызметтерінің құны | | – | – | – | – | – | – | – |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемалары бойынша акциялар шығару | | – | – | – | – | – | – | – |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда | | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншік иелерінің жарналары | 711 | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншікті үлестік құралдарды (акцияларды) шығару | 712 | – | – | – | – | – | – | – |
| Бизнесті біріктіруге байланысты үлес құралдарын шығару | 713 | – | – | – | – | – | – | – |
| Айырбасталатын құралдардың үлестік құрамы (салық әсерін шегере отырып) | 714 | – | – | – | – | – | – | – |
| Дивидендтерді төлеу | 715 | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер | 716 | – | – | – | – | – | – | – |
| Меншік иелерімен өзге де операциялар | 717 | – | – | – | – | – | – | – |
| Бақылаудың айырылуына әкеліп соқтырмайтын еншілес ұйымдарға қатысу үлесіндегі өзгерістер | 718 | – | – | – | – | – | – | – |
| **Есепті жылдың 31 желтоқсанына арналған сальдо (500 жол + 600 жол + 700 жол)** | 800 | **13.000.000** | **–** | **–** | **46.461.466** | **(30.798.241)** | **–** | **28.663.225** |

Бас директор

*А.Б. Танатаров*

Бас бухгалтердің м.а.

*А.В. Кочергова*

*12-44 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») 2004 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде құрылды. Компанияға екі құрылтайшы иелік етеді: China National Petroleum Corporation (бұдан әрі – «CNPC») еншілес компаниясы China National Operating and Development Company (бұдан әрі – «CNODC»), және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамның (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз») еншілес компаниясы «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазТрансОйл»), әр құрылтайшының Компанияның жарғылық капиталындағы үлесі тиісінше 50 пайызды құрайды. Компания ҚазТрансОйл мен CNODC-ның жалпы бақылауында тең негізде болады. ҚазТрансОйл «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ холдинг компаниясы (90%) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (10%) қазақстандық үкіметтің бақылауында, CNODC компаниясы CNPC мемлекеттік компания арқылы қытайдың үкіметімен толығымен бақыланады.

2004 жылғы 17 мамырда Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының Үкіметтері мұнай мен газ саласында Жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы үлгі келісімге қолдарын қойды. Сонымен бірге, 2004 жылғы 17 мамырда CNPC мен ҚазМұнайГаз ұзындығы 965,1 километр болатын «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырын салудың негізгі қағидаттары туралы келісімді жасады, сондай-ақ 2006 жылғы 20 желтоқсанда CNPC мен ҚазМұнайГаз арасында Қазақстан-Қытай мұнай құбырының екінші сатысын салудың негізгі қағидаттары туралы келісім және 2007 жылғы 18 тамыздағы № 1 Қосымша келісім жасалды.

Компания монополист ретінде қарастырылады және, тиісінше, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттің («Табиғи монополияларды реттеу комитеті») реттеу нысаны болып табылады. Табиғи монополияларды реттеу комитеті пайдаланылатын активтер шығындарын өтеуге негізделген мұнайды тасымалдау бойынша тарифтік мөлшерлемелерді бекітеді. 2015 жылғы 20 тамызда Табиғи монополияларды реттеу комитеті Төрағасының № 343-ОД бұйрығымен 2017 жылға 1.000 километрге тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 5.915,71 теңге мөлшерінде ішкі нарықта тариф бекітілген (2016 жыл: тоннасына 5.377,92 теңге).

2015 жылғы 5 мамырда *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы»* Қазақстан Республикасының Заңы жарияланды, соған сай Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында магистральды құбырлар арқылы мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау қызметтері Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар аясына жатпайды. Заң күшіне енгеннен кейін Компанияның мұнайды жоғарыда аталған мақсаттарда тасымалдау бойынша тарифтік мөлшерлемелерді өз бетімен бекітуге құқығы бар. 2016 жылғы 28 желтоқсанда Компания Атасу-Алашанькоу және Кеңқияқ-Құмкөл магистральды құбырлар арқылы 1.000 километрге тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 6.561,71 теңге және 1.000 километрге тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 5.400,19 теңге мөлшерінде 2017 жылға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында тарифті бекітті. 2017 жылғы 29 мамырда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында 2017 жылғы 1 маусым мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбыры бойынша мұнайды айдау қызметіне уақытша тариф 3.591,70 теңге теңге мөлшерінде бекітілді.

2005 жылғы 17 қарашада Компания 2025 жылғы 16 қарашаға дейінгі қолданылу мерзімімен Қытай аумағында «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын инвестициялауға, салуға, пайдалануға және жөндеуге патент алды. Осыған орай Компанияның Қытай аумағында филиалы тіркелді.

Компания қуаттылығы жылына 7 миллион тонна болатын «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын салып, 2006 жылғы 28 шілдеде пайдалануға берді. 2008 жылы Компания мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 10 миллион тоннаға дейін ұлғайту үшін қосымша жабдықты пайдалануға берді.

Мұнай құбырын 401.449 метрикалық тонна көлемінде толтыруға арналған технологиялық мұнайды «ПетроЧайна Интернэшнл Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі – «ПетроЧайна») берді. Технологиялық мұнай ПетроЧайнаға тиесілі.

2008 жылғы 8 мамырда Компания Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитет берген «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жасауға рұқсат алды және НГСК «ҚазСтройСервис» мен «Чайна Петролеум Пайплайн Инжиниринг Қазақстан» ЖШС-нен екінші кезеңнің бірінші кезегінің жобалық жылдық өткізу қабілеті 10 миллион тонна болатын ұзақтығы 794.263 километр «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын салу жобасын әзірлеуге, материалдарды жеткізуге келісімшарттарға қолдарын қойды.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

2009 жылғы 1 шілдеде «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды. 2009 жылғы 27 маусымда Компания «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын 2009 жылғы 12 ақпандағы № 022009 шартқа сәйкес «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ 411.915 метрикалық тонна көлемінде берген технологиялық мұнаймен толтырды. Технологиялық мұнай «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-на тиесілі. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның технологиялық мұнайын қайтару мерзімі «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын пайдалануды аяқтау мерзімі болып табылады.

2009 жылғы 7 қазанда Компания бірінші кезеңде жылына 10 миллион тонна жобалық өткізу қабілетімен «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берді.

2010 жылғы 10 желтоқсанда Компания «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің бірінші кезегінің нысандарын пайдалануға беруді аяқтады.

2011 жылы және 2013 жылы Компания «Атасу Алашанькоу» мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 20 миллион тоннаға дейін арттыру үшін қосымша жабдықты пайдалануға берді.

2013 және 2014 жылдардың ішінде № 8 сорғы-айдау станциясын (бұдан әрі – «САС») 500 кВ «Агадырь» шағын станциясының 35 кВ ашық бөлу құрылғысына қосу жұмыстары орындалды, бұл ретте қуаттылығы 40.000 кВА болатын жабдықты салу, монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары орындалып, пайдалануға берілді.

2015 жылғы 2 наурызда Шығыс Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 50.055 километр болатын трасса бойындағы жолдарды пайдалануға берілді, оның ішінде ұзындығы 30.516 километр болатын екі учаске қайта құрылды.

2017 және 2016 жылдардың ішінде Компания «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры бойынша 2.299 мың тонна мен тиісінше 3.073 мың тонна мұнайды тасымалдады. Сондай-ақ 2017 және 2016 жылдардың ішінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасында 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ресейлік мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бойынша 9.989 мың тонна транзиттік мұнай мен тиісінше 6.986 мың тонна транзиттік мұнай тасымалданды. Осы келісім бойынша мұнайды тасымалдау тарифі Компанияның, ҚазТрансОйл мен «Нефтяная компания «Роснефть» ААҚ арасында жасалған шартқа сәйкес айқындалады.

2017 және 2016 жылдардың ішінде Компания «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры бойынша 5.213 мың тонна мен тиісінше 4.887 мың тонна мұнайды тасымалдады.

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай даңғылы, 109В.

Компанияның басшылығы 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы осы қаржылық есептілікті 2018 жылғы 5 ақпанда шығаруға бекітті.

## 2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Компанияның осы қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы қаржылық есептілік, қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін негізгі құралдарды және есеп саясаты мен осы қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталған басқа да баптарды қоспағанда, бастапқы құнның негізінде әзірленді.

Осы қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, барлық мәндері мың теңгеге жуықталған. Компанияның функционалдық валютасы теңге болып табылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### 3.1 Шетел валютасын қайта есептеу

*Операциялар мен қалдықтар*

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда Компаниямен операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын бағам бойынша олардың функционалдық валютасында ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.1 Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

*Операциялар мен қалдықтар (жалғасы)*

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырма жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен залал баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнының өзгерісінен болған пайда немесе залал да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

*Валюта айырбастау бағамдары*

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген валюталардың айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін орташа алынған бағамдар былайша болды:

| *Теңге* | **2017 жыл** | 2016 жыл |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | **326,08** | 341,76 |
| Ресей рубілі | **5,59** | 5,12 |
| Еуро | **368,52** | 378,32 |
| Қытай юані | **48,29** | 51,5 |

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары мынаны құрады:

| *Теңге* | **31 желтоқсан 2017 жыл** | 31 желтоқсан 2016 жылғы |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | **332,33** | 333,29 |
| Ресей рубілі | **5,77** | 5,43 |
| Еуро | **398,23** | 352,42 |
| Қытай юані | **51,09** | 48,02 |

### 3.2 Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда айналымдағы болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.2 Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу (жалғасы)

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Компания барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

### 3.3 Әділ құны бойынша бағалау

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не болмаса бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Компания негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату нәтижесінде экономикалық пайданы шығара алу мүмкіндігін ескереді. Компания мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бойынша қаржылық есептілікте бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте кезеңді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Компания оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Әрбір есепті күнге Компания өзінің есеп саясатына сәйкес қайталап талдау және қайталап бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелердің құнындағы өзгерістерді талдайды.

Мұндай талдаудың шеңберінде Компания бағалау кезінде пайдаланылған ақпаратты шарттармен және басқа да орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді. Компания мен сыртқы бағалаушылар әрбір актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгеруін өзгерістің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.4 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша танылады. Кейінгі есепке алу жинақталған амортизацияны (жерден және аяқталмаған өндірістен басқа) және кайта бағалау күнінен кейін танылған құнсызданудан болатын залалдарды, олар болған жағдайда, шегере отырып әділ құны бойынша жүзеге асырылады.

Компания өзінің негізгі құралдарын оларды ауыстырудың әділ құнына дейін қайта бағалау жүргізу үшін кезең-кезеңімен тәуелсіз сарапшыларды тартады. Есеп саясатына сәйкес негізгі құралдарды қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді дегендегі сенімділікті қамтамасыз ету үшін 3 жыл сайын жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және меншікті капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын қайта бағалау салдарынан болған және пайда немесе залал құрамында бұрын жасалған қайта бағалау салдарынан танылған мұндай активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оң қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда немесе залал құрамында танылады.

Активтің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген өтелім мен активтің бастапқы құны негізінде есептелген өтелім арасындағы айырмашылық активтерді қайта бағалау резервінен жыл сайын бөлінбеген пайдаға ауыстырылады. Сонымен бірге қайта бағалау күніне жинақталған амортизация мен құнсыздану активтің жалпы баланстық құнының бір мезгілдегі төмендеуімен алынып тасталады және содан кейін таза сома активтің қайта бағаланған құнына дейін қосымша бағаланады. Актив шығарылған кезде нақты шығарылатын активке жататын қайта бағалау резерві бөлінбейтін пайдаға көшіріледі.

Негізгі құралдардың құнына құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген құны, егер резервті келешек шығындарға мойындау критерийлері орындалса, тиісті активтің бастапқы құнына жатқызылады. Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша танылған резерв туралы барынша толық ақпаратты алу үшін елеулі есептік пайымдауларды, бағалау мәндері мен жорамалдарды қараңыз *(4, 13-ескертпелер)*.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Үйлер мен ғимараттар | 5-50 |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 3-30 |
| Құбырлар мен өзге де көлік активтері | 5-30 |
| Басқасы | 2-10 |

Компанияның Есеп саясатына сәйкес аяқталмаған құрылыс пен жер амортизацияланбайды.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті мойындауды тоқтату нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (шығарудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептелген) активтің мойындалуы тоқтатылған есепті жыл үшін пайда мен залалдарға қосылады.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың өтелімі әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай перспективті негізде түзетіледі.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.5 Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация (олар болған жағдайда) шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, Компанияның ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыс ол туындаған есепті жыл үшін пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі шектелмеген.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Өтелім активтер қызметінің бағаланған пайдалы мерзімі үшін тік желілік әдіс негізінде есептеледі. Материалдық емес активтер негізінен жеті-он жыл ішінде өтеледі. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Пайдалы қызмет етудің болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі амортизацияны есептеу кезеңін немесе әдісін өзгертеді және есептік бағалаудың өзгеруі ретінде ескеріледі. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясына жұмсалатын шығыстар материалдық емес активтердің функциясына сәйкес келетін шығыстардың сол санатындағы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Материалдық емес активтерді танудың тоқтатылуынан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және осы активті тану тоқтатылған кездегі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

### 3.6 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе активтің құнсыздану затына жыл сайынғы тексеруді жүргізу қажет болып қалса, Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жасайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің өтелетін құны (бұдан әрі – «ААЖБ») – келесі өлшемдердің ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ).

Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің баланстық құны немесе ААЖБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді.

Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер, егер ондайлар орын алса, ескеріледі. Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания жекелеген активтер жататын Компанияның әрбір ААТБ үшін жеке әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Қайта бағалау өзгеде жиынтық кіріс құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс есебінде танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қосқанда) болатын залалдар. Мұндай жағдайда құнсыздану шығыны бұрын жасалған қайта бағалау сомасының шегінде басқа да жиынтық кірістің құрамында мойындалады.

Компания әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі бар болса, Компания активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегерін тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.7 Қаржы активтері

***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері пайда немесе шығын; берілген қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде бейнеленген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржы активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, қаржы активтері бастапқыда солармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарға ұлғайтылған әділ құны бойынша мойындалады. Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Компания өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаты, банк салымдары, берілген қарыздар, сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

***Кейінгі бағалау***

Қаржы активтерін келесі тәсілмен кейіннен бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

*Берілген қарыздар және дебиторлық берешек*

Берілген қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданууды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық кірістер құрамына жатқызылады. Құнсызданумен байланысты залалдар қарыздар жағдайында жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындарының және дебиторлық берешек жағдайында жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында есептеледі.

*Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар.*

Тіркелген немесе айқындалатын төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Компания оларды өтеу мерзіміне дейін тиянақты түрде ұстап қалуға ниет білдіріп отырғанда және қабілетті болғанда өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін өтелімдік құны бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің өтелімі жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық табыстар құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты залалдар жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық шығындар құрамында танылады. Компанияның 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдер ішінде өтеуге дейін ұсталатын банк салымдары болды.

***Мойындауды тоқтату***

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) мойындалуын тоқтатады (яғни, Компанияның қаржылық жағдай туралы есебінен алынып тасталады), егер:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бергенде; не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.7 Қаржы активтері

*Мойындауды тоқтату*

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Компания берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін өтемақының ең көп сомасының ең азы бойынша мойындалады.

### 3.8 Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қаржы активтерінің құнсыздануы туралы егжей-тегжейлі ақпараттың ашылып көрсетілуі «Елеулі есептік пайымдаулар, бағалау мәндері мен жорамалдар» ескертпесінде келтірілген *(4-ескертпе)*.

Әрбір есепті күнге Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Егер активтің бастапқы танылуынан кейін орын алған бір немесе одан да көп оқиға («шығынға әкеп соқтыратын оқиғалардың» орын алуы) сенімді бағалауға келетін қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарына ықпал етсе ғана, құнсыздану орын алады.

Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды. Сонымен бірге, мұндай растауларға қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағымдары төмендеуінің бағалауына көрсететін, атап айтқанда, борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланыста болатын мерзімі өткен берешек көлемінің немесе экономикалық жағдайдың өзгеруі сияқты қадағаланып отырған деректер жатады.

*Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері*

Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Компания алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді.

Егер Компания дербес бағаланатын қаржы активі құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай несиелік тәуекел сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді.

Анықталған құнсызданудан болған шығын сомасы активтің баланстық құны мен есепті болашақ ақша ағынының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі шекпеген болашақ күтіліп отырған кредиттік залалдар ескерілмей) бағаланады. Есептік келешек ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

Активтің баланстық құны бағалау резервінің шотын пайдалану арқылы төмендейді, ал шығын пайданың немесе залалың құрамында танылады. Төмендетілген баланстық құн бойынша пайыздық кірісті (пайда немесе залал туралы есепте қаржылық кіріс ретінде көрсетіледі) есептеу, құнсызданудан болған шығынды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғаса береді. Қарыздар мен дебиторлық берешек тиісті резервтермен бірге, егер оларды келешекте нақты өтеу мүмкіндігі болмаса, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылып не болмаса Компанияға берілсе, баланстан есептен шығарылады.

Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздануды мойындағаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғайса не болмаса азайса, бұрын мойындалған құнсыздану шығынының сомасы бағалау резервінің шотын түзету арқылы ұлғайтылады немесе азайтылады.

Егер қаржы құралы құнының есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың кемуі ретінде танылады.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.9 Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

***Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе залал; несиелер мен қарыз алулар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар, несиелер мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен қарыздар кіруі мүмкін.

***Кейінгі бағалау***

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

*Несиелер мен қарыздар*

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда немесе залал құрамында қаржылық шығындар құрамына қосылады.

***Мойындауды тоқтату***

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол несие берушінің алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда немесе залал құрамында мойындалады.

### 3.10 Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға жатады, ал қаржылық жағдай туралы есепте берілген таза сома қазіргі кезде танылған сомаларды өзара есепке алуға заңгерлік қорғау болған кезде, және таза негізде есеп айырысуға не активтерді өткізіп, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда жүзеге асырылады.

### 3.11 Қорлар

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алудың бастапқы құны және сатудың таза ықтимал бағасы.

Қорлардың бастапқы құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады.

Сатудың таза ықтимал бағасы өндірісті аяқтауға арналған есепті шығындарды және сатуға арналған есепті шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызметтің барысында сатудың есепті бағасы ретінде анықталады.

Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісін пайдалана отырып айқындалады.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.12 Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, банктердегі ақша қаражатын, қысқа мерзімді банк салымдары мен өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары өтелмеген банкілік овердрафтарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай ақшалай қаражаттан және қысқа мерзімді банк салымдарынан тұрады.

### 3.13 Резервтер

Егер Компанияның бұрын болған оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңгерлік немесе тәжірибеден туындайтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкетілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады. Компания резервтердің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжағанда, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде мойындалады. Резервке жататын шығыстар өтеуді шегеріп тастап, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Компания активтерді пайдаланудан шығару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша болашақ шығындарға қатысты резерлті таниды. Активтерді пайдаланудан шығару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру шығындары бойынша резервтер есепті ақша ағынын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың дисконтталған бағасы бойынша ескеріледі және тиісті актив бағасының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары активтерді пайдаланудан шығару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

Дисконттау әсері пайда болуына қарай шығындар шотына қарайды және жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындары ретінде танылады. Активтерді пайдаланудан шығару және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша болашақ шығындар жыл сайын сараланып отырады және қажеттілігіне қарай түзетіледі. Күтілетін болашақ шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады *(4-ескертпе)*.

### 3.14 Түсімді және басқа да кірістерді тану

Егер Компанияның экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынса, түсім мойындалады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып, алынған немесе алынуға жататын өтемақының әділ құны бойынша бағаланады.

*Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету*

Мұнайды тасымалдау қызметтерінен түскен кіріс есепті кезеңде тасымалданған мұнайдың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде танылады.

*Басқа да қызметтерді көрсету*

Басқа да қызметтерді көрсетуден алынған кірістер оларды көрсету кезінде танылады.

*Пайыздық кіріс*

Амортизациялық құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары мен сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс ретінде көрсетіледі.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.15 Салықтар

*Ағымдағы табыс салығы*

Активтер және ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады.

Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей меншікті капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы пайда мен залалдарда емес, меншікті капиталдың құрамында мойындалады. Компания басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

*Мерзімі ұзартылған салық*

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді.
- Еншілес компанияға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын азайту уақытындағы бөлуді бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта азаймайды деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- Шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса.
- Еншілес компанияларға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.15 Салықтар (жалғасы)

*Мерзімі ұзартылған салық (жалғасы)*

Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңдық бекітілген құқығы бар болса және мерзімі ұзартылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Бизнесті біріктіру шеңберінде болған, бірақ осы күнге бөлек мойындауға арналған критерийлерді қанағаттандырмайтын салықтық пайда кейіннен, фактілер мен жағдайлардың өзгеруі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда танылады. Түзету гудвилдің азаюы ретінде көрсетіледі (егер оның көлемі гудвилдің мөлшерінен аспаса), егер ол бизнестің сатып алынуы бастапқы есепке алынуы аяқталғанға дейін жүзеге асырылса, өзге жағдайларда ол пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

*Қосылған құн салығы (ҚҚС)*

Сатулар бойынша ҚҚС тауарларды жөнелту немесе қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеуге жатады. Сатып алу бойынша ҚҚС өнім жеткізушіден салықтық шот-фактураны алу кезінде сату бойынша ҚҚС-пен бірге есепке алынуы тиіс.

Түсім, шығыстар мен активтер активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша пайда болған ҚҚС салық органдары өтемейтін жағдайларды қоспағанда, ҚҚС-тың сомасы шегеріліп, танылады; бұл жағдайда ҚҚС тиісінше активті сатып алу шығыстарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасы нетто негізде ҚҚС бойынша бюджетпен есеп айырысуды жасауға рұқсат етеді. Тиісінше, солар бойынша есеп айырысулар есепті күнге болмаған сатулар мен сатып алулар бойынша ҚҚС нетто-негізде қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

Салық заңнамасының және Компанияның қызметінің ерекшелігіне орай өтелуге жататын ҚҚС-тың белгілі бір бөлігі келесі жылдарға ауыстырылуы мүмкін. ҚҚС-ның мұндай бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі, құнсыздану мәніне бағаланады және бар ААЖБ-ға бөлінген жеке актив ретінде қаралады.

Дебиторлық және кредиторлық берешек ҚҚС сомаларын ескере отырып көрсетіледі. Салық органы өтейтін немесе төлейтін ҚҚС-тың таза сомасы өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлемдер құрамына, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген төленуге жататын басқа да салықтар құрамына қосылады.

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2017 жылдың 1 қаңтарына қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

**Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және оларға түзетулер**

Компания 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін қолданыстағы стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір стандарттар мен түзетулер алғаш рет 2017 жылы қолданылды. Дегенмен, олар Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Жаңа стандарттың немесе түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

*«Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» – «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама» 7 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Түзетулер ұйымның ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді (валюта бағамдарының өзгеруінен болған пайда немесе залалдар) қоса алғанда, қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Компания ағымдағы, сол сияқты алдыңғы салыстырмалы кезең үшін ақпаратты *23-ескертпеде* ұсынды.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

**Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және оларға түзетулер (жалғасы)**

*«Пайдаға салынатын салықтар» – «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.*

Түзетулер ұйым мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасында олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады.

Компания мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолданды. Дегенмен олардың қолданылуы қаржылық жағдайға және қызмет нәтижелеріне әсерін тигізбеді, өйткені Компанияның есептен шығарылатын уақыт айырмалары немесе түзетулерді қолдан аясына қатысты активтері жоқ.

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар***

*«Басқа ұйымдарға қатысу туралы ақпаратты ашып көрсету» – «Талаптардың 12 ХҚЕС-тегі (IFRS) ақпараттың ашылып көрсетілуіне қолданылу аяларын түсіндіру» 12 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер*

Түзетулер 12 ХҚЕС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптар, B10-B16 тармақтарда сипатталғандарды қоспағанда, ұйымның еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан ұйымға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы үлестің бір бөлігіне) қатысты қолданылатындығын түсіндіреді, әрі ол сатуға арналған деп жіктеледі (немесе шығатын топтың құрамына қосылады).

Бұл түзетулер қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді, өйткені 2017 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның сатуға арналған деп жіктелетін басқа ұйымдарда қатысу үлестері жоқ.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

*9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»*

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) *«Қаржы құралдары»* түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) *«Қаржы құралдары: тану және бағалау»* және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

Компания талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді. 2017 жылы Компания 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық үш бөліктерінің әсерін егжей-тегжейлі бағалады. Бұл бағалау амалы қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және қосымша негізделген әрі расталатын ақпараттың алынуы салдарынан өзгертілуі мүмкін, әрі ол Компания 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдана бастағанда, Компания үшін 2018 жылы қолжетімді болады. Жалпы, Компания жаңа талаптардың өзінің қаржылық жағдай туралы есебіне және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) құнсыздануына қойылатын талаптардың қолданылуын қоспағанда, меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)*

*(а) Жіктеу және бағалау*

Компания 9 ХҚЕС-тің (IFRS) жіктелуі мен бағалауына қойылатын талаптарды қолданған кезде өзінің қаржылық жағдай туралы есебі мен меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді. Компания қазіргі уақытта әділ құны бойынша бағаланатын барлық қаржы активтерін әділ құны бойынша бағалауын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Қарыздар, сондай-ақ сауда дебиторлық берешек шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және олар негізгі борыш сомасы мен пайыздардың есебіне төлем болып табылатын ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтырады деп күтіледі. Компания осы құралдар бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сипаттамаларын саралап, олар 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретіндігі жайында тұжырымға келді.

*(б) Құнсыздану*

9 ХҚЕС (IFRS) Компания барлық борыштық бағалы қағаздар, қарыздар мен сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін несие шығындарын немесе бүкіл мерзімі үшін күтілетін несие шығындарын көрсетуін талап етеді. Компания жеңілдетілген тәсілді қолданады және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие шығындарын сауда дебиторлық берешек бойынша көрсетеді.

*15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»;*

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды, ал 2016 жылғы сәуірде түзетулер енгізілді. Стандарт сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады. Түсім бойынша жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі; бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Компания талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандарттың толық ретроспективті қолданылу нұсқасын пайдалануды жоспарлап отыр. 2016 жылы Компания 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану салдарын алдын ала бағалады, содан кейін 2017 жылы аяқталған барынша толық талдау жасалды.

*10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»*

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. ХҚЕС жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*2 ХҚЕС-ке (IFRS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер*

ХҚЕС жөніндегі кеңес 2 ХҚЕС-ке (IFRS) *«Акциялардың негізіндегі төлемдер»* түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: ақша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негіздегі есеп айырысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгеруін есепке алу, соның нәтижесінде операция ақша қаражатымен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдармен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуін бастайды.

Түзетулерді қабылдаған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдердің ақпаратын қайта есептеуге міндетті емес, дегенмен барлық үш аспектіге қатысты түзетулерді қолдану және басқа да критерийлерді сақтау талабымен ретроспективті түрде қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

*16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»*

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) *«Жалдау»* ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) *«Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау»* түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) *«Операциялық жалдау – стимулдар»* түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) *«Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау»* түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады.

Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді.

2018 жылы Компания 16 ХҚЕС-тің (IFRS) өзінің қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жалғастырады.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»*

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»* шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттарын»* ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- инвестициялық кіріске тікелей қатысатын сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым 17 ХҚЕС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Компанияға қатысты қолданылмайды.

*«Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» 40 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Түзетулер, ұйым, құрылыс немесе даму процесіндегі жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан басқа санатқа қашан аударуы тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулерде, пайдалану сипатының өзгеруі жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасына сәйкес келе бастағанда немесе сәйкес келмегенде және оны пайдалану сипатының өзгеруі куәліктері болатындығы көрсетілген. Басшылықтың жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қатысты ниеттерінің өзгеруі оны пайдалану сипатының өзгеруін куәландырмайды. Ұйымдар бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын пайдалану сипатының өзгеруіне қатысты перспективті түрде қолдануы тиіс. Ұйым осы күнге ұсталатын жылжымайтын мүліктің жіктелуін қайталап саралауы тиіс, және, егер қолданылатын болса, осы күнге қолданылатын талаптарды көрсету үшін жылжымайтын мүлікті аударуы тиіс. Тек егер бұл барынша кеш түскен ақпаратты қолданбастан мүмкін болса ғана, 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес ретроспективті қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Компанияға қатысты қолданылмайды.

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды)***

*1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою*

1 ХҚЕС (IFRS) Е3-Е7 тармақтарымен көзделген қысқа мерзімді босатулар жойылды, өйткені олар өз функциясын атқарды. Бұл түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Компанияға қатысты қолданылмайды.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды) (жалғасы)*

*28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» – жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе залал арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру*

Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- Венчурлық инвестицияларда маманданатын ұйым немесе басқа да ұқсас ұйым қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды әділ құны бойынша пайда немесе залал арқылы бағалау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім бастапқы мойындау кезінде әрбір инвестиция үшін бөлек қабылданады.
- Егер ұйымның өзі инвестициялық ұйым болып табылмаса, инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі болса, онда үлестік қатысу әдісін қолданған кезде мұндай ұйым инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын өздерінің еншілес ұйымдарындағы қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалу шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім инвестициялық ұйым болып табылатын әрбір қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын үшін келесі күндердің барынша кеш күніне бөлек қабылданады: (а) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның бастапқы мойындалу күніне; (б) қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын инвестициялық ұйымға айналатын күнге; және (в) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын алғаш рет бас ұйымға айналатын күнге.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым бұл түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Компанияға қатысты қолданылмайды.

*4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – 9 ХҚЕС-ті (IFRS) «Қаржы құралдары» 4 ХҚЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану*

Бұл түзетулер қаржы құралдары бойынша жаңа стандарттың қолданылуына орай туындайтын проблемаларды шешеді, 9 ХҚЕС (IFRS), 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»* ендірілгенге дейін, олар 4 ХҚЕС-ті (IFRS) ауыстырады. Түзету сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар үшін екі мүмкіндікті көздейді: 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босату және салу әдісі. Уақытша босатуды алғаш рет 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты қолданады. Ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданғанда есептеу әдісін қолдану туралы шешімді қабылдай және бұл әдісті ұйымның қарауына қарай 9 ХҚЕС-ке (IFRS) көшу кезінде жіктелетін қаржы активтеріне қатысты ретроспективті түрде қолдана алады. Бұл ретте ұйым есептеу әдісін көрсету үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептейді, және тек егер ол салыстырмалы ақпаратты 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ғана қайта есептеген жағдайда ғана. Бұл түзетулер Компанияға қатысты қолданылмайды.

*«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру*

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындауы тиіс. Ұйымдар бұл түсіндіруді ретроспективті түрде қолдана алады. Балама ретінде ұйым түсіндіруді көрсетілген күнге немесе содан кейін бастапқыда мойындалған түсіндіруді қолдану аясының шеңберінде барлық активтерге, шығыстар мен кірістерге қатысты перспективті түрде қолданыла алады:

(i) ұйым бұл түсіндіруді алғаш рет қолданатын есепті кезеңнің басталуы; немесе

(ii) ұйым алғаш рет бұл түсіндіруді қолданатын есепті кезеңнің қаржылық есептілігінде салыстырмалы

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

ақпарат ретінде көрсетілген алдыңғы есепті кезеңнің басы.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### 3.16 Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезең 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды) (жалғасы)***

*«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру (жалғасы)*

Түсіндіру 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түсіндіру Компанияға қатысты қолданылмайды.

*«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру*

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болғанда пайдаға салынатын салықты есепке алу тәртібін қарастырады, бұл 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Ұйым әрбір айқындалмаған салықтық баяндауды бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа айқындалмаған салықтық баяндаулармен бірге қарастыру қажеттілігін шешуі тиіс. Белгісіздікті анықтау нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдалану қажет. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл түсіндіру Компанияға қатысты қолданылмайды.

### 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Компанияның қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктері туралы басқа да ақпараттың ашылып көрсетілуі келесі ескертпелерде келтірілген:

- қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты *(23-ескертпе)*;
- сезімталдылықты талдау туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі *(23-ескертпе)*.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Компанияның болжаулары мен бағалау мәндері ол қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Компания бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

**Негізгі құралдарды қайта бағалау**

Компания негізгі құралдарды қайта бағаланған құны бойынша ескереді. 2017 жылдың ішінде Компания негізгі құралдарды қайта бағалау үшін тәуелсіз кәсіпқой бағалаушыны тартты.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

**Негізгі құралдарды қайта бағалау (жалғасы)**

Негізгі құралдардың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясында 3-деңгейге жатады (қадағаланбайтын бастапқы деректер).

Пайдаланылған бағалау әдістемесі, бастапқыда, өтемақының амортизацияланған құнын бағалауға негізделген («шығынды әдіс»). Шығынды әдіс, егер бағаланатын нысан жаңа немесе құрылыс сатысында болса, солар үшін ықтимал сатудың бағалары туралы ақпаратты алу мүмкін болмайтын (белсенді нарық болмағанда) шектелген нарығы бар нысандарға (мамандандырылған нысандарға) жататын болса, қолданылады.

Бағалау шеңберінде бағалаушы Компанияның негізгі құралдарының мамандандырылған нысандарының экономикалық тозуының көлемін талдау кезінде кірісті әдісті пайдалана отырып барабар табыстылық тестісін өткізді.

Барабар табыстылық пайдалану құндылығын бағалау жолымен есептелді. Пайдалану құндылығын есептеу кезінде келесі негізгі жорамалдар қолданылды:

| | |
|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | 15,44% |
| Ұзақ мерзімді өсу қарқыны | 5,58% |
| Аса маңызды активтің қалған қызмет ету мерзімі | 21,2 жыл |

Өтеудің амортизацияланған құны алынған пайдалану құндылығынан төмен болды, тиісінше, Компанияның негізгі құралдарының әділ құны ретінде көрсетілді. Пайдалану құндылығын бағалау нәтижелері көрсетілетін қызметтерді іске асыру көлеміне қатысты болжамдарға, көрсетілетін қызметтерге тарифтердің деңгейіне, күрделі және ағымдағы шығындардың мөлшеріне сезімтал келеді.

Қайта бағалаудың нәтижесінде Компанияның негізгі құралдарының нетто-құны 19.460.197 мың теңгеге өсті.

**Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі**

Компания әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер 8 ХБЕС-ке сәйкес *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер»* есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Мұндай бағалаулар негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнына және пайда мен залалдар құрамында танылған тозу және амортизация сомасына айтарлықтай әсер ете алады.

**Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесі**

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компанияның пайдалану аяқталғаннан кейін магистралдық құбырды (мұнай құбырын) жою жөніндегі және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жер құнарлығын қалпына келтіру жөніндегі заңды міндеттемесі бар. Жер құнарлығын қалпына келтіру іс-шарасы мұнай құбырларының пайдалы қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оларды ауыстыру кезінде жасалады.

Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемелерінің резерві Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық қағидаларға және нормаларға (2017 және 2016 жылдары 1 км құбырды бөлшектеу жөніндегі шығындардың сомасы тиісінше 5.496 мың теңге және 2.863 мың теңге болды) сәйкес бөлшектеу және жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізудің Компания есептеген құнының негізінде бағаланады.

Резервтердің сомасы міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімі ішіндегі инфляцияның болжанатын мөлшерлемесі және төменде көрсетілген есепті жылдың аяғындағы дисконт мөлшерлемесі қолданыла отырып, есепті кезеңнің аяғында анықталды.

«Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры:

| | **2017 жыл** | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | **9,48%** | 9,97% |
| Инфляция мөлшерлемесі | **5,5%** | 5,4% |
| Міндеттемені орындау мерзімі | **21,93 жыл** | 22,67 жыл |

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

**Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесі (жалғасы)**

«Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры:

| | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | **9,22%** | 9,45% |
| Инфляция мөлшерлемесі | **5,5%** | 5,4% |
| Міндеттемені орындау мерзімі | **18,93 жыл** | 19,67 жыл |

Дисконттау мөлшерлемесін есептеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша тәуекелдік емес мөлшерлемелерге негізделеді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 4.679.349 мың теңге құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 3.039.232 мың теңге) *(13-ескертпе)*.

Залалды жою жөніндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың интерпретацияларында ықтимал өзгерістерге ұшырағыш. Бұдан басқа, осындай шығындарды бағалаудағы белгісіздіктер баламаларда, жою, бұзылған жерді қалпына келтіру әдістеріндегі ықтимал өзгерістерді, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесін және осы міндеттеме басталатын кезеңді қамтиды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемелерінің елеулі жорамалдардың өзгеруіне сезімталдылығын талдау былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Мөлшерлеменің (азаюы)/ұлғаюы | Міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы) |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | -0,5% | 457.079 |
| | +0,5% | (414.394) |
| Инфляция мөлшерлемесі | -0,5% | (431.244) |
| | +0,5% | 472.925 |

### 5. ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ҚАЛДЫҚТАР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптардың анықтамасы 24 ХҚЕС-те (IAS) *«Байланысты тараптар туралы есептілікті ашып көрсету»* келтірілген. Егер тараптардың бірінің басқа тарапты бақылауға, бірлескен бақылауда болуға мүмкіндігі болса немесе қаржы-шаруашылық қызметтің мәселелері бойынша ол қабылдайтын шешімдерге айтарлықтай ықпал ете алса немесе оған бақылау жасай алса, тараптар әдетте байланысты болып есептеледі.

Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының сипаты да ескеріледі. Тікелей бас компаниялар және Компанияға түпкі бақылау жасайтын тараптар туралы мәліметтер *1-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Байланысты тараптармен мәмілелер міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес жүзеге асырылмайтын тараптар арасында келісілген шарттарда жасалды.

Бұл қаржылық есептіліктің мақсаттарында Компанияның байланысты тараптарына меншік иелері мен олардың еншілес компаниялары кіреді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Бірлескен бақылау (құрылтайшылар) | Қауымдасқан кәсіпорындар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі | **2.332** | **8.378** | **10.710** |
| Байланысты тараптардан мұнайды тасымалдау үшін алынған аванстар | **–** | **2.009.441** | **2.009.441** |
| Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек | **1.966.929** | **273.877** | **2.240.806** |

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 5. ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ҚАЛДЫҚТАР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **Бірлескен бақылау (құрылтайшы-лар)** | **Қауымдасқан кәсіпорындар** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|
| Кірістер | **7.506** | **32.586.504** | **32.594.010** |
| Шығыстар | | | |
| - Мұнай құбырларына қызмет көрсету бойынша қызметтер | **7.767.037** | **616.429** | **8.383.466** |
| - Күзету қызметтері | **–** | **1.058.666** | **1.058.666** |
| - Басқа да қызметтер | **2.841** | **276.292** | **279.133** |

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Бірлескен бақылау (құрылтайшы-лар) | Қауымдасқан кәсіпорындар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі | – | 217 | 217 |
| Байланысты тараптардан мұнайды тасымалдау үшін алынған аванстар | – | 2.606.601 | 2.606.601 |
| Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек | 2.109.621 | 265.712 | 2.375.333 |

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Бірлескен бақылау (құрылтайшы-лар) | Қауымдасқан кәсіпорындар | Жиыны |
|---|---|---|---|
| Кірістер | 4.877 | 32.692.938 | 32.697.815 |
| Басқа да кірістер | – | 519.162 | 519.162 |
| Шығыстар | | | |
| - Мұнай құбырларына қызмет көрсету бойынша қызметтер | 6.935.857 | 642.518 | 7.578.375 |
| - Күзету қызметтері | – | 1.136.323 | 1.136.323 |
| - Басқа да қызметтер | 2.948 | 307.114 | 310.062 |

**Басқарма мүшелеріне сыйақылар**

Басқарманың алты мүшесіне олардың тұрақты атқарушы басшылық лауазымдарындағы қызметтері үшін төленген сыйақы жалақының келісімшарттық сомасы мен сыйлықақыдан тұрады. 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасы 159.187 мың теңге (2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін: 156.471 мың теңге) болды.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 6. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2017 жылғы 31 желтоқсан** | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Банктердегі ақша қаражаты – валютада | **7.442.239** | 6.110.600 |
| Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты – теңгемен | **990.872** | 2.427.785 |
| Банктердегі ақша қаражаты – теңгемен | **247.424** | 2.343.380 |
| Корпоративтік карталардағы ақша қаражаты | **3.952** | 4.030 |
| Кассадағы ақша қаражаты | **–** | 3 |
| Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты – валютада | **–** | 1.633.121 |
| **Жиыны** | **8.684.487** | 12.518.919 |

Валютадағы ақша қаражаты келесі шетелдік валюталарда білдірілген:

| *Мың теңгемен* | **31 желтоқсан 2017 жыл** | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|
| АҚШ Доллары | **7.397.717** | 7.714.923 |
| Қытай юані | **44.522** | 28.798 |
| **Жиыны** | **7.442.239** | 7.743.721 |

### 7. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **31 желтоқсан 2017 жыл** | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі 12 айға дейін болатын мерзімді депозиттер | **11.451.867** | 2.339.510 |
| Алынуға жататын қысқа мерзімді сыйақылар | **14.261** | 8.176 |
| **Жиыны** | **11.466.128** | 2.347.686 |

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімді депозиттер АҚШ долларында орналастырылды.

### 8. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына қысқа мерзімді сауда және басқа да дебиторлық берешек былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **31 желтоқсан 2017 жыл** | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|
| Өтелуге жататын ҚҚС | **1.207.225** | 867.058 |
| Салықтар бойынша алдын ала төлемдер | **222.896** | 342.440 |
| Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі | **10.710** | 217 |
| Негізгі қызметтен болған дебиторлық берешек | **5** | 71 |
| Басқа да дебиторлық берешек | **1.135** | 13.328 |
| **Жиыны** | **1.441.971** | 1.223.114 |

### 9. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Ұзақ мерзімді сауда және басқа да дебиторлық берешек негізінен сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (бұдан әрі – «ҚҚС») білдіреді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 3.931.503 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 5.460.339 мың теңге) сомасында өтелуге жататын ҚҚС сомасын ұзақ мерзімді актив ретінде көрсетті, себебі Компания басшылығы бұл ҚҚС келешектегі ҚҚС бойынша төлемдер есебінен 2017 жылғы 31 желтоқсаннан кейін 12 айдан асатын мерзімде есепке алынады деп есептейді.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 10. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша негізгі құралдар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Үйлер мен ғимараттар | Машиналар мен құралжабдықтар | Мұнай құбыры және басқа да автокөлік | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн** | 60.732 | 45.156.285 | 62.390.533 | 139.693.143 | 835.064 | 1.913.775 | 250.049.532 |
| Жинақталған амортизация және құнсыздану | – | (3.082.970) | (8.014.618) | (7.847.968) | (169.274) | (419.372) | (19.534.202) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн** | 60.732 | 42.073.315 | 54.375.915 | 131.845.175 | 665.790 | 1.494.403 | 230.515.330 |
| Түсімдер | – | – | 20.022 | 131.862 | 43.962 | 531.447 | 727.293 |
| Бір санаттан басқа санатқа аудару | – | 4.742.600 | (4.400.571) | (46.061) | (253) | (295.715) | – |
| Есептен шығару | – | – | (167) | (5.457) | (8.832) | (519.160) | (533.616) |
| Кезеңдегі амортизациялық аударымдар | – | (2.576.417) | (5.824.981) | (5.916.849) | (122.422) | – | (14.440.669) |
| Құнсызданы залалдары | – | – | – | – | – | (439.863) | (439.863) |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн** | 60.732 | 44.239.498 | 44.170.218 | 126.008.670 | 578.245 | 771.112 | 215.828.475 |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн** | 60.732 | 49.898.885 | 58.009.817 | 139.773.487 | 869.941 | 1.630.347 | 250.243.209 |
| Жинақталған амортизация және құнсыздану | – | **(5.659.387)** | **(13.839.599)** | **(13.764.817)** | **(291.696)** | **(859.235)** | **(34.414.734)** |
| Түсімдер | – | **5.811** | **220.474** | **50.480** | **16.769** | **438.411** | **731.945** |
| Бір санаттан басқа санатқа аудару | – | **–** | **29.586** | **(27.008)** | **(2.578)** | **–** | **–** |
| Қайта бағалау кезінде қалдық құнын есептен шығару | – | **(7.981.276)** | **(17.915.450)** | **(18.660.939)** | **(400.346)** | **–** | **(44.958.011)** |
| Аяқталмаған құрылыстан негізгі құралдарға аудару | – | **1.032.394** | **–** | **–** | **–** | **(1.032.394)** | **–** |
| Қайта бағалау кезінде жинақталған амортизация мен құнсыздануды есептен шығару | – | **7.981.276** | **17.915.450** | **18.660.939** | **400.346** | **–** | **44.958.011** |
| Есептен шығару | – | **–** | **(4.362)** | **(10.868)** | **(959)** | **–** | **(16.189)** |
| Кезеңдегі амортизациялық аударымдар | – | **(2.702.540)** | **(5.255.430)** | **(6.005.532)** | **(139.578)** | **–** | **(14.103.080)** |
| Қайта бағалау кезінде пайда мен залалдар туралы есепте көрсетілген құнсыздану сомасы | – | **(2.701.165)** | **(796.061)** | **96.876** | **23.141** | **–** | **(3.377.209)** |
| Пайда мен залалдар туралы есепте көрсетілген құнсыздану сомасы[1] | – | **–** | **–** | **–** | **–** | **(126.863)** | **(126.863)** |
| Қайта бағалау | **14.405** | **9.149.227** | **4.122.607** | **9.329.845** | **221.261** | **–** | **22.837.345** |
| **2017 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн** | **75.137** | **49.023.225** | **42.487.032** | **129.442.463** | **696.301** | **50.266** | **221.774.424** |
| **2017 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн** | **75.137** | **49.403.876** | **43.666.611** | **130.551.873** | **727.229** | **1.036.364** | **225.461.090** |
| Жинақталған амортизация және құнсыздану | – | **(380.651)** | **(1.179.579)** | **(1.109.410)** | **(30.928)** | **(986.098)** | **(3.686.666)** |

### Амортизациялық аударымдар

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|---|
| Сатудың өзіндік құны | 16 | **13.999.075** | 14.343.281 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 17 | **104.005** | 97.388 |
| **Амортизациялық аударымдар жиыны** | | **14.103.080** | 14.440.669 |

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 10. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Егер негізгі құралдар тарихи құны бойынша ескерілсе, төменде солар жөніндегі ақпарат келтірілген:

| *Мың теңгемен* | Үйлер мен ғимараттар | Машиналар мен құралжабдықтар | Мұнай құбыры | Басқасы | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | |
| Құны | 52.386.971 | 59.708.155 | 139.716.208 | 1.181.020 | 252.992.354 |
| Жинақталған амортизация | (15.060.203) | (27.825.895) | (36.291.389) | (644.537) | (79.822.024) |
| **Таза баланстық құны** | 37.326.768 | 31.882.260 | 103.424.819 | 536.483 | 173.170.330 |
| **2017 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | |
| Құны | **53.425.176** | **59.972.354** | **141.014.513** | **1.197.559** | **255.609.602** |
| Жинақталған амортизация | **(17.353.713)** | **(31.158.532)** | **(41.144.265)** | **(759.502)** | **(90.416.012)** |
| **Таза баланстық құн** | **36.071.463** | **28.813.822** | **99.870.248** | **438.057** | **165.193.590** |

### 11. ҚАРЫЗДАР

Компанияның 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздары былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **31 желтоқсан 2017 жыл** | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|
| Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі | **32.115.042** | 32.540.110 |
| Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі | **166.769.752** | 195.797.446 |
| **Жиыны** | **198.884.794** | 228.337.556 |

| *Мың теңгемен* | **31 желтоқсан 2017 жыл** | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|
| Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және АйЭнДжи Банк Н.В. | **138.428.552** | 156.166.509 |
| Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ | **60.456.242** | 72.171.047 |
| **Жиыны** | **198.884.794** | 228.337.556 |

**Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және АйЭнДжи Банк Н.В.**

2008 жылғы 12 тамызда Компания Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі мен АйЭнДжи Банк Н.В. несиелік келісімді жасады. Несие желісінің сомасы 1.180 миллион АҚШ долларын құрады, қарыз кезеңі – мерзімді бес жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 10 жыл. Бұл қарыздың мақсаты «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын салуды қаржыландыру болып табылады. Қарыз қаражатының игерілуі игеру сұратуына сай транштармен жасалды.

Бұл несие келісімінің шеңберінде Компания 950 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға төрт транш алды. Компания 3.003.382 мың теңге (немесе 23,15 миллион АҚШ доллары) мөлшерінде қарызды ұйымдастыру шығындарын көтерді.

Әрбір пайыздық кезең бойынша пайыздық мөлшерлеме ЛИБОР (алты айлық) және банктің маржасы кіретін жылдық мөлшерлеме болып табылады. Несиелік келісімге қол қойылған күннен бастап 36 айды құраған сыйақының капиталға айналу кезеңі 2011 жылы аяқталды. Сыйақының капиталға айналу кезеңінің аяқталуына орай қарыз бойынша негізгі борыштың келісімшарттық сомасы 153.311.743 мың теңге немесе 1.033.098 мың АҚШ доллары мөлшерінде тіркелді.

2011-2013 жылдардың ішінде Компания негізгі борышты өтеудің жеңілдік кезеңін 54 айға дейін ұзартты. 2013 жылы несиелік келісімге қол қойылған күннен бастап 54 ай өткеннен кейін кредитор-банктің маржасы 2%-дан 4%-ға дейін ұлғайды.

Несиелік келісімге сай, Компанияның Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкінде шоттары ашылды, соларға «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры бойынша мұнайды тасымалдаудан алынған қаражат түседі. Бұл қаражатты, кейіннен, Компания сыйақыны және қарыздың негізгі сомасын төлеуге не болмаса «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырымен байланысты операциялық шығыстарға пайдалана алады.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 11. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және АйЭнДжи Банк Н.В. (жалғасы)**

2016 жылғы 13 шілдеде Компания Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі мен АйЭнДжи Банк Н.В. несиелік келісіміне Компанияның қарызын өтеу мерзімін 2018 жылдан 2023 жылға дейін ұзарту туралы қосымша келісімге қол қойды. Келісім Қытайдың экспорт-несие сақтандыру корпорациясының сақтандыру полисі («Sinosure») 2016 жылғы 29 қыркүйекте шығарылғаннан кейін күшіне енді. Қосымша келісімде негізгі борышты өтеу мерзімдері қайта қаралды, бұл 2017 жылы негізгі борышты өтеудің тиісті шарттық көлемдерін 243.993 мың АҚШ долларынан 50.000 мың АҚШ долларына дейін азайтуға мүмкіндік берді. Келісім талаптарының қайта қаралуы нәтижесінде қарыз бойынша тиімді мөлшерлеме 4,96% бастап 5,08% дейін өсті.

Компания бұл өзгерістердің маңыздылығы мен олардың қарыздың баланстық құнына әсері мәніне талдау жасап, талаптардың өзгеруін қарызды мойындауды тоқтату ретінде ескеруді қажет емес деген тұжырымға келді. Пайыздың бастапқы тиімді мөлшерлемесін қолдана отырып дисконттау кезінде жаңа талаптарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны бастапқы талаптарға сай ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнының 10%-нан артық ерекшеленбейді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Компания 7.700.182 мың теңге сомасына сыйақы төлеп, 16.379.000 мың теңге сомасына негізгі борыштың бір бөлігін өтеді.

**Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ**

2013 жылғы 2 тамызда Компания агент ретінде әрекетететін «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-мен бірлесіп Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен несие шартын жасады. Қарыз сомасы 300 миллион АҚШ доллары болды, қарыз кезеңі – мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен 6 жыл. Бұл қарыздың мақсаты 2005 жылғы 22 қыркүйекте шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді қайта қаржыландыру болып табылады. Пайыздық мөлшерлеме, ЛИБОР (алты айлық) және 3,75% банктің маржасы кіретін жылдық мөлшерлеме болып табылады. Компания 829.398 мың теңге (немесе 5,44 миллион АҚШ доллары) мөлшерінде қарызды ұйымдастыру шығындарын көтерді.

Несие шартына 2013 жылғы 2 тамыздағы жинақ шотының шартына сай Компанияның Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік банкінде жинақ шоттары ашылған, әрі соларға «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдаудан алынған қаражат келіп түседі. Бұл қаражатты, кейіннен, Компания сыйақыларды және қарыздың негізгі сомасын төлеуге пайдалануы тиіс.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Компания 3.496.752 мың теңге сомасына сыйақы төлеп, 11.515.700 мың теңге сомасына негізгі борыштың бір бөлігін өтеді.

## 12. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қысқа мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешек былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2017 жылғы 31 желтоқсан** | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Байланысты тараптардан алынған аванстар | **2.009.441** | 2.606.601 |
| Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек | **2.240.806** | 2.375.333 |
| Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек | **426.405** | 165.821 |
| **Жиыны** | **4.676.652** | 5.147.755 |

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қысқа мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешектің ағымдағы құны келесі валюталарда көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2017 жылғы 31 желтоқсан** | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Шетел валютасында білдірілген | **297.253** | 50.866 |
| Теңгемен білдірілген | **216.587** | 197.489 |
| **Жиыны** | **613.840** | 248.355 |

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 13. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ РЕЗЕРВТЕР

2016 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін мұнай құбырларын жою және жер құнарлығын қалпына келтіру резервінің қозғалысы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға арналған сальдо** | **3.039.232** | 3.552.598 |
| Бағалаудағы өзгерістер | **1.299.027** | (819.914) |
| Дисконт амортизациясы *(20-ескертпе)* | **341.090** | 306.548 |
| **31 желтоқсанға сальдо** | **4.679.349** | 3.039.232 |

## 14. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 31 желтоқсан 2017 жыл | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|
| Алынған аванстар | **2.558.215** | 1.613.121 |
| Резидент емес үшін табыс салығы | **605.337** | 655.634 |
| Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек бойынша бағалау міндеттемелері | **455.862** | 245.710 |
| Табыс салығынан басқа да салықтар | **53.011** | 60.040 |
| Айыппұлдар мен өсімақылар | **1.538** | 1.444 |
| Басқа да кредиторлық берешек | **162.504** | 146.362 |
| **Жиыны** | **3.836.467** | 2.722.311 |

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған аванстар, негізінен, 2.354.561 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 1.406.155 мың теңге) мөлшерінде «Нефтяная компания «Роснефть» ААҚ транзиттік мұнайын тасымалдауға арналған авансты білдіреді.

## 15. ТҮСІМ

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін түсім былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Транзиттік мұнайды тасымалдау | **26.888.035** | 17.157.052 |
| Мұнайды ішкі нарықта тасымалдау | **19.117.387** | 16.374.507 |
| Мұнайды экспортқа тасымалдау | **17.227.187** | 19.954.642 |
| **Жиыны** | **63.232.609** | 53.486.201 |

## 16. САТЫЛҒАН ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Негізгі құралдардың тозуы *(10-ескертпе)* | **13.999.075** | 14.343.281 |
| Операциялық және техникалық қызмет көрсету | **9.173.273** | 8.401.245 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **2.890.558** | 2.952.192 |
| Күзет қызметтері | **1.058.666** | 1.136.323 |
| Электр қуатының шығыстары | **802.784** | 541.090 |
| Жалақы | **281.160** | 284.196 |
| Инспекциялау қызметтері | **159.377** | 169.246 |
| Басқа | **1.586.130** | 1.481.026 |
| **Жиыны** | **29.951.023** | 29.308.599 |

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 17. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін әкімшілік шығыстар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы | **1.570.812** | 1.571.594 |
| Табыс салығынан басқа, салықтар | **301.619** | 259.407 |
| Тартылған әкімшілік персоналдың жалақысы (аутсорсинг) | **265.765** | 281.330 |
| Іссапар шығыстары | **173.210** | 144.422 |
| Негізгі құралдардың тозуы *(10-ескертпе)* | **104.005** | 97.388 |
| Автокөлік шығыстары | **84.873** | 69.983 |
| Кеңес беру қызметтері | **66.584** | 69.059 |
| Сақтандыру | **56.169** | 53.551 |
| Жалдау шығыстары | **46.803** | 49.150 |
| Байланыс шығыстары | **19.771** | 20.747 |
| Айыппұлдар | **1.715** | 4.065 |
| Басқа | **357.781** | 277.299 |
| **Жиыны** | **3.049.107** | 2.897.995 |

## 18. БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін басқа да шығыстар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан болған шығын | **126.863** | 439.863 |
| Негізгі құралдардың шығуынан болған залал | **5.195** | 16.949 |
| Мұнай құбырының өткізу қуаттылығын ұлғайту жобасын әзірлеу бойынша тарихи шығындарды өтеуден түскен кіріс | **–** | 519.162 |
| **Жиыны** | **132.058** | 975.974 |

## 19. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін басқа да кірістер былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Оң бағамдық айырма, нетто, несиелер мен қарыздардан басқа | **470.226** | 1.577.459 |
| Басқасы | **212.337** | 49.875 |
| Аяқталмаған құрылыстың шығуынан болған шығыс – мұнай құбырының өткізу қуаттылығын ұлғайту жобасы | **–** | 519.162 |
| **Жиыны** | **682.563** | 2.146.496 |

## 20. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін қаржыландыру бойынша кірістер мен шығыстар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жыл | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкінен және АйЭнДжи Банк Н.В. алынған қарыз бойынша сыйақы | **7.012.648** | 6.540.241 |
| Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкінен және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ алынған қарыз бойынша сыйақы | **4.161.478** | 4.728.413 |
| Төлем көзінен ұсталатын салық бойынша шығыстар | **1.145.894** | 1.260.071 |
| Мұнай құбырларын жою және жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы бойынша шығыстар *(13-ескертпе)* | **341.090** | 306.548 |
| Басқа да шығыстар | **848** | – |
| **Жиыны** | **12.661.958** | 12.835.273 |
| | | |
| Несиелер мен қарыздар бойынша оң бағамдық айырма, нетто | **932.649** | 2.382.427 |
| Басқа да қаржылық кірістер | **161.705** | 152.529 |
| **Жиыны** | **1.094.354** | **2.534.956** |

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 21. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін табыс салығы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2017 жыл** | 2016 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар | **31.983** | 22.020 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша шығыс/(үнемділік) | **3.355.701** | (521.683) |
| **Табыс салығы** | **3.387.684** | (499.663) |

2017 және 2016 жылдар үшін табыс салығының мөлшерлемесіне көбейтілген табыс салығының шығыстары мен бухгалтерлік пайда арасында салыстыру:

| *Мың теңгемен* | **2017 жыл** | 2016 жыл |
|---|---|---|
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | **15.838.171** | 12.149.812 |
| Салықтың ресми мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Бухгалтерлік пайдадан түскен табыс салығы бойынша шығыстар** | **3.167.634** | 2.429.962 |
| | | |
| Есептен шығарылмайтын шығыстардан салық әсері | **220.050** | 415.787 |
| Мойындалмаған салық активтеріндегі өзгеріс | **–** | (3.345.412) |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар/(үнемдеу)** | **3.387.684** | (499.663) |

Қаржылық жағдай туралы тиісті есептердің жасалу күніне арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін салық негіздемесі аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген мерзімі ұзартылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

| *Мың теңгемен* | 2017 жылғы 1 қаңтар | Пайда мен залалдар шоттарына жатқызылды | Басқа да жиынтық кіріске жатқызыл-ғаны | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер** | | | | |
| Несиелер мен қарыздар | 731.344 | **(122.300)** | **–** | **609.044** |
| Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесінің резерві | 607.846 | **68.219** | **259.805** | **935.870** |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер | 9.391 | **687** | **–** | **10.078** |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | – | **1.812** | **317** | **2.129** |
| Төленуге жататын салықтар | 4.038 | **563** | **–** | **4.601** |
| Келесі кезеңдерге ауыстырылған салық залалдары | 22.964.848 | **(4.761.205)** | **–** | **18.203.643** |
| | 24.317.467 | **(4.812.224)** | **260.122** | **19.765.365** |
| | | | | |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер** | | | | |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | (23.959.767) | **1.456.523** | **(4.567.469)** | **(27.070.713)** |
| | (23.959.767) | **1.456.523** | **(4.567.469)** | **(27.070.713)** |
| **Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша таза активтер/(міндеттемелер)** | 357.700 | **(3.355.701)** | **(4.307.347)** | **(7.305.348)** |

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 21. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

| *Мың теңгемен* | 2016 жылғы 1 қаңтар | Пайда мен залалдар шоттарына жатқызылды | Басқа да жиынтық кіріске жатқызыл-ғаны | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер** | | | | |
| Несиелер мен қарыздар | 1.124.331 | (392.987) | – | 731.344 |
| Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесінің резерві | 711.170 | 60.659 | (163.983) | 607.846 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер | 12.252 | (2.861) | – | 9.391 |
| Төленуге жататын салықтар | 6.255 | (2.217) | – | 4.038 |
| Келесі кезеңдерге ауыстырылған салық залалдары | 25.583.398 | (2.618.550) | – | 22.964.848 |
| | 27.437.406 | (2.955.956) | (163.983) | 24.317.467 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша мойындалмаған активтер | (3.345.412) | 3.345.412 | – | – |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер** | | | | |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | (24.091.994) | 132.227 | – | (23.959.767) |
| | (24.091.994) | 132.227 | – | (23.959.767) |
| **Кейінге қалдырылған салық бойынша таза активтер** | – | 521.683 | (163.983) | 357.700 |

### 22. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Қызметті жүргізу шарттары**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляциялық таргеттеу саясатына көшті. 2015 жылғы 20 тамызда валюталық интервенциялар көлемін азайту және теңгенің айырбас бағамының қалыптасу процесіне араласуды қысқарту мақсатында теңгенің АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты айырбас бағамын бұрынғы деңгейде ұстап отырудан бас тарту туралы шешім қабылданды. Девальвацияға дейінгі ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 188,38 теңге теңге болды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 332,33 теңге болды.

2015 жылы шикі мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі және қазақстандық теңгенің едәуіл девальвациясы қазақстандық экономикаға теріс әсерін көрсетті. Басқа факторлармен қатар аталған факторлардың жиынтығы капитал жеткіліктігінің азаюына, капитал құнының өсуіне, инфляцияның артуына және экономикалық өсімге қатысты белгісіздікке әкеп соқтырды. Компанияның басшылығы ағымдағы жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

**Салық салу**

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының қайшы пікірлері, оның ішінде ХҚЕС-ке сай кірістердің, шығыстардың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есепке алынуына қатысты пікірлер кездесіп тұрады. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 22. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Салық салу (жалғасы)**

Айыппұл санкцияларына, негізінен қосымша есептелген салық сомасының 50% мөлшеріндегі айыппұл және Қазақстанның Ұлттық банкімен белгіленген, 2,5-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімақы жатады. Жиынтығында, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомалары кез келген есептелген салықтардың нәтижесі болуы мүмкін. Салық салу кезеңдері тексерудің алдындағы жылдың күнтізбелік бес жыл мөлшерінде салық органдары тексеру үшін қол жетімді болады. Белгілі бір жағдайларда тексерулер бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесінің екі ұштылығынан, салықтардың, егер олар болған жағдайда айыппұл санкциялары мен өсімақылардың түпкілікті сомасы қазіргі кезеңге жатқызылған және 2017 жылғы 31 желтоқсанға есептелген шығындар сомасынан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2017 жылғы 31 желтоқсанға қолданыстағы заңнамаға түсінік беру тиісті деп есептейді және салық бойынша тек осы қаржылық есептілікте көрсетілгендерді алмағанда Компанияның ұстанымы расталады деген ықтимал бар.

**Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер**

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелер дұрыс бағалануы мүмкін емес. Ағымдағы заңнамаға сәйкес, басшылық Компанияның қаржылық жағдайына және осы қаржылық есептілікте көрсетілгенді қоспағанда, оның қызметінің нәтижесіне теріс әсер ететін мүмкін әлде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді *(4, 12-ескертпелер)*.

**Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму сатысында және әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандыру қорғауының көптеген түрлері жалпы қолжетімсіз болып табылады.

Компания мүлікті сақтандыру, үшінші тұлға алдында Компанияның немесе оның қызметіне жататын объектілерде болған апаттан мүлікке және қоршаған ортаға залал келтірілгені үшін жауапкершілік артады.

### 23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелер құрамына саудалық және өзге де несиелік берешек, несиелер мен қарыздар кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары ең басты Компанияның шаруашылық қызметін қаржыландыруға қолданылады. Компанияның тікелей шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын саудалық дебиторлық берешегі, ақша мен ақша баламалары бар.

Компания нарықтық тәуекелге ұшырағыш, ол мыналардан: несиелік тәуекелден, валюталық тәуекелден және өтімділік тәуекелінен тұрады.

Компания басшылығы шолу жасайды және осы тәуекелдерді басқару үшін қабылданатын келесі шараларды бекітеді.

**Несиелік тәуекел**

Компания мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Компания саясатына сәйкес, коммерциялық несие шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Компанияға берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең аз мөлшері дебиторлық берешектің баланстық құны болып табылады. Компанияда несиелік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Компания салымдарды қазақстандық және шетелдік банктерде орналастырады *(6 және 7-ескертпе)*. Компания басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несие рейтингін мерзімді қарастырады. Компания басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелдің негізі болып табылмайды деп санайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві қажет емес.

## 23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Несиелік тәуекел (жалғасы)

Келесі кестеде «Moody's» агенттігінің несиелік рейтингісін пайдалана отырып банк салымдары мен ақша қаражаты бойынша сомалар көрсетілген:

| Банктер | Орналасқан жері | Рейтинг 2017 жыл | Рейтинг 2016 жыл | 31 желтоқсан 2017 жыл | 31 желтоқсан 2016 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| «Қазақстанның Халық банкі» АҚ | Қазақстан | **Ba1** | Ba2 | **12.460.953** | 5.661.396 |
| «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ | Қазақстан | **A1** | Baa3 | **7.640.751** | 7.837.233 |
| «Алашанькоудағы Қытай Банкі» АҚ | Қытай | **A1** | Aa3 | **44.521** | 28.763 |
| «Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ» АҚ | Қазақстан | **A1** | Aa3 | **2.758** | 4.567 |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | Қазақстан | **Ba2** | B2 | **1.632** | 1.334.643 |
| | | | | **20.150.615** | 14.866.602* |

* *2016 жылдың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламаларының қалған сомасы кассадағы ақша қаражатын білдіреді.*

### Өтімділік тәуекелі

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Компания ақша қаражатының тапшылық тәуекеліне бақылау жасайды. Осы құралдың көмегі арқылы қаржылық инвестициямен және қаржы активтерімен байланысты төлем мерзімі (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері), сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағымдары талданады

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер қысқа мерзімді активтерден 18.401.985 мың теңгеден асты. Компанияның ағымдағы активтеріне, негізінен, 11.466.128 мың теңге сомасында банк депозиттері және 8.684.487 мың теңге сомасында ақша қаражаты мен оның баламалары кіреді. Қысқа мерзімді міндеттемелерге, негізінен, «ҚазТрансОйл» АҚ алдындағы 1.960.840 мың теңге сомасындағы берешекті қоса алғанда, 32.115.042 мың теңге сомасындағы несиелер мен қарыздар және 2.240.806 мың теңге сомасында байланысты тараптар алдындағы кредиторлық берешек кіреді. Өтімділікті жақсарту мақсатында, Компания үлкен өтеу мерзімімен жаңа қарызды тарту арқылы қарызды қайта қаржыландыруды жоспарлап отыр, бұл кезеңдегі міндеттемелер сомаларының азаюына әкеп соқтырады. Компания өзінің операциялық қызметінен алынған ақша қаражатын пайдалану арқылы қарыздар бойынша берешекті төлеуді ниеттеніп отыр.

Келесі кестеде осы міндеттемелерді өтеудің мерзімі бөлігінде Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша келісілген дисконтталмаған төлемдер туралы 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақпарат берілген.

| *Мың теңгемен* | **<1 жыл** | **1-ден 2 жылға дейін** | **2 жылдан 5 жылға дейін** | **>5 жыл** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|---|
| **2017 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | |
| Несиелер мен қарыздар | **38.394.810** | **72.045.294** | **85.668.322** | **25.760.057** | **221.868.483** |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | **2.754.646** | **–** | **–** | **–** | **2.754.646** |
| **Жиыны** | **41.149.456** | **72.045.294** | **85.668.322** | **25.760.057** | **224.623.129** |

| *Мың теңгемен* | <1 жыл | 1-ден 2 жылға дейін | 2 жылдан 5 жылға дейін | >5 жыл | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | |
| Несиелер мен қарыздар | 39.620.810 | 38.068.875 | 132.179.107 | 53.782.795 | 263.651.587 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 2.623.688 | – | – | – | 2.623.688 |
| **Жиыны** | 42.244.498 | 38.068.875 | 132.179.107 | 53.782.795 | 266.275.275 |

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекелдікке ұшырайтын, шетел валютасымен берілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы төменгі кестеде берілген.

| *Мың теңгемен* | Ақша қаражаты және депозиттер | Несиелер мен қарыздар | Кредиторлық берешек | Таза баланстық позиция |
|---|---|---|---|---|
| **2017 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | |
| АҚШ Доллары | **18.863.845** | **(198.884.794)** | **–** | **(180.020.949)** |
| Қытай юані | **44.522** | **–** | **(408.355)** | **(363.833)** |
| Еуро | **–** | **–** | **(2.224)** | **(2.224)** |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | |
| АҚШ Доллары | 10.062.609 | (228.337.556) | – | (218.274.947) |
| Қытай юані | 28.798 | – | (197.333) | (168.535) |

Компанияның операцияларымен байланысты валюталық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік беретін формальды құралдары жоқ. Компанияда шетел валютасында жасалатын мәмілелермен байланысты тәуекелдер бар. Ондай тәуекелдер АҚШ долларындағы қарыздарға байланысты пайда болады.

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі табысының (активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы мүмкін өзгерістерге байланысты) өзге көрсеткіштердің тұрақтылығы жағдайында АҚШ доллары мен қытай юанінің айырбас бағамының мүмкін өзгерістеріне пайданың сезімталдығы көрсетілген. Компанияның меншікті капиталына ықпалы елеулі емес.

| *Мың теңгемен* | Валюталардың айырбас бағамының ұлғаюы/(азаюы) | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2017 жыл** | | |
| АҚШ доллары | **+10,00%/-10,00%** | **18.003.521/(18.003.521)** |
| Қытай юані | **+10,00%/-10,00%** | **36.383/(36.383)** |
| **2016 жыл** | | |
| АҚШ доллары | +60,00%/-20,00% | 130.964.968/(43.654.989) |
| Қытай юані | +10,00%/-10,00% | 16.854/(16.854) |

**Капиталды басқару**

Капиталды басқаруға қатысты Компанияның негізгі мақсаты несиені тұрақты өтеп отыру қабілетін және Компанияның қызметін жүргізу үшін капиталдың лайықты деңгейі мен Акционердің пайдасын барынша көбейтуді қамтамасыз ету болып табылады. Компания капиталдың құрылымын басқарады және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. Компания капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерге капиталды қайтара алады немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін объектілерде, саясатта және капиталды басқару процестерінде өзгерістер болған жоқ.

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Ақшалай қаражаттардың, банк салымдарының, саудалық және өзге де дебиторлық берешектің, саудалық және өзге де несиелік берешектердің, басқа қаржылық міндеттемелердің теңгерімдік құны мұндай қаржы құралдарының қысқа мерзімділігіне орай шамамен олардың әділ құнына тең. Несиелер мен қарыздар амортизацияланған құн бойынша ескеріледі, әрі ол шамамен олардың әділ құнына тең болады.

# ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

2017 жылғы қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2017 жылдың 1 қаңтарына | Шығатын топтың бір бөлігі ретінде қайта жіктелгені | Қарыздарды өтеу және қарыздар бойынша сыйақылар-ды төлеу | Сыйақы шығыстары | Валюта бағамда-рының өзгеруі | Басқасы | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі | 195.797.446 | (28.235.632) | – | 268.432 | (1.060.494) | – | 166.769.752 |
| Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі | 32.540.110 | 28.235.632 | (39.091.634) | 10.905.694 | 127.845 | (602.605) | 32.115.042 |
| **Жиыны** | **228.337.556** | **–** | **(39.091.634)** | **11.174.126** | **(932.649)** | **(602.605)** | **198.884.794** |

2016 жылғы қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2016 жылдың 1 қаңтарына | Шығатын топтың бір бөлігі ретінде қайта жіктелгені | Қарыздарды өтеу және қарыздар бойынша сыйақылар-ды төлеу | Сыйақы шығыстары | Валюта бағамда-рының өзгеруі | Басқасы | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі | 206.193.620 | (6.272.202) | – | (1.247.516) | (2.784.951) | (91.505) | 195.797.446 |
| Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі | 56.449.928 | 6.272.202 | (42.445.675) | 12.516.170 | 402.524 | (655.039) | 32.540.110 |
| **Жиыны** | 262.643.548 | – | (42.445.675) | 11.268.654 | (2.382.427) | (746.544) | 228.337.556 |